

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 25-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Кеңес құрамы;
- 2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы № 543 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 4-5, 42-құжат; 2003 ж., № 6, 60-құжат, № 46, 502-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ алынып тасталсын;

2) 4-тармақта "осы Жарлықтың 3-тармағында көрсетілген "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күнінен бастап күшіне енетін Ереженің 6-тармағынан, сондай-ақ 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасынан басқа," деген сөздер алынып тасталсын.

4. Осы Жарлық 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1509 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің ҚҰРАМЫ (қызметі бойынша)

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 06.08.2014 № 888; өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 17.09.2014 № 911; 26.11.2022 № 5 Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасының Президенті - Кеңес төрағасы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары
Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1509 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.
3. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

2. Кеңестің міндеттері мен функциялары

4. Кеңестің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) пайдалану және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне жәрдем көрсету және ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Президентінің 16.11.2015 № 113 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5. Кеңестің функциялары:
 - 1) Қорды қалыптастырудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
 - 2) Қорды пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарau және әзірлеу;
 - 3) материалдық емес активтерді қоспағанда, Қорды орналастыру үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті қарау болып табылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2006.11.04 № 208, 2009.05.19 № 806; 16.11.2015 № 113 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)

Жарлықтарымен.

3. Кеңестің құқықтары

6. Кеңестің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

1) Қор қызметі және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару мәселелерін талқылауға мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының өкілдерін тартуға;

2) қаралатын мәселелер бойынша ұсынымдық сипаттағы тиісті шешімдер қабылдауға құқығы бар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 16.11.2015 № 113 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4. Кеңестің қызметін үйімдастыру

7. Кеңесті төраға басқарады.

8. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Кеңес отырыстарын өткізетін орынды және уақытты белгілейді;

3) Кеңес отырыстарына төрағалық етеді. Төраға болмағанда оның тапсырмасы бойынша отырыстарға Кеңес мүшелерінің бірі төрағалық етеді;

4) Кеңес мүшелеріне орындау үшін міндетті нұсқаулар береді.

9. Кеңес мүшелері:

1) Кеңес жұмысының жоспары, оның отырыстарының күн тәртібі мен мәселелерді талқылау тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) Кеңес отырыстарына материалдар, оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға;

3) Кеңес отырысында қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

10. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай және Кеңестің төрағасы анықтайтын мерзімдерде, кемінде жылына бір рет өткізіледі және хаттамамен ресімделеді. Кеңес отырыстары оның мүшелерінің үштен екісі болған кезде занды. Кеңес мүшелерінің өздерінің өкілеттіктерін өзге лауазымды тұлғаларға беруіне жол берілмейді.

11. Кеңестің шешімдері Кеңес мүшелерінің отырысына қатысқандардың жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен немесе Кеңес мүшелеріне сауал қою жолымен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2009.11.23 № 889
Жарлығымен.**

12. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК